ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 28 ақпан №7119-24-00-2/2023 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Д.Нургалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "№ 79 "Шабыт" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Жазбаев» атынан - Жазбаев Ақберген Қонайұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің "№ 79 "Шабыт" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Жазбаев» атынан - Жазбаев Ақберген Қонайұлына қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Жазбаев» атынан - Жазбаев Ақберген Қонайұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Жазбаев» атынан - Жазбаев Ақберген Қонайұлынан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Жазбаев» атынан - Жазбаев Ақберген Қонайұлынан Астана қаласы әкімдігінің "№ 79 "Шабыт" балабақшасы" мемлекеттік

коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 2822 (екі мың сегіз жүз жиырма екі) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 85 (сексен бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Д.Нургалиева**

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 28.02.2024

Дата вступления в законную силу: 08.04.2024, судья Тюлебекова Г. С., 24.04.2024

7119-24-3-1/1656